

СЫЙАҚЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылдың 26 қыркүйектегі шешімімен, өзге мәселемен қоса Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібі көзделген «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру жөніндегі қағидалар бекітілді. Сыйақы

мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері, компания қызметінің ауқымы, ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер есепке алынады. Сыйақы акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде тәуелсіз директорларға және «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне төленеді.

Директорлар кеңесінің 2022-2024 жылдар кезеңіндегі жиынтық сыйақысы

	2022	2023	2024
Директорлар кеңесі мүшелеріне АҚШ долларымен төленген сыйақының жиынтық мөлшері	350 000	196 375	-
Директорлар кеңесі мүшелеріне теңгемен төленген сыйақының жиынтық мөлшері	29 538 710	97 215 050	207 200 000

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

ҚМГ Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының Адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартына сәйкес ҚМГ Басқармасының мүшелері қызметінің тиімділігін бағалау тәртібі мен сыйақы саясатын айқындайды.

Есепті кезеңдегі (жылдағы) жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Басқарма мүшелеріне өлшенетін, өзара байланысты, қисынды әзірленген және теңдестірілген мотивациялық ҚБК карталарында көрсетілген стратегиялық және басым мақсаттарға қол жеткізуге ынталандыру үшін қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша төленеді.

Мотивациялық ҚБК картасы корпоративтік және функционалдық ҚБК-дан тұрады.

Сыйақының тиімді және ашық жүйесін қалыптастыруға байланысты мәселелерді алдын ала қарау үшін Директорлар кеңесінің Тағайындау мен сыйақылар жөніндегі комитеті құрылды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Басқармасының мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері 497 815 040,40 теңге болды, бұл «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қағидаларына және Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит, Корпоративтік хатшы, Комплаенс және Омбудсмен қызметтерінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қағидаларына сәйкес Басқарма мүшелеріне 2024 жылы Басқарманың құрамында болған кезеңде ҚМГ төлеген салықтар мен зейнетақы аударымдары ескерілген ақшалай нысандағы жалақылардың және көтермелеудің барлық түрлерінің жиынтық мөлшерін қамтиды.

2022–2024 жылдары Басқарма мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері

	2022	2023	2024
Басқарма мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері, теңге	344 627 125	388 673 642	497 815 040

ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес¹ Директорлар кеңесі мен Басқарма Компанияның жылдық есебі мен қаржы есептілігінің дұрыстығына жауап береді.

Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі Жылдық есеп пен есептілікті дайындау және келісу кезінде өз жауапкершілігін түсінетінін мәлімдейді және Жылдық есеп пен есептілікті тұтастай алғанда, әділ, теңдестірілген және түсінікті деп есептейді, сондай-ақ акционерлерге Компанияның жағдайын, қызмет нәтижелерін, бизнес-моделін және стратегиясын бағалау үшін қажетті ақпаратты қамтиды.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі өзінде бар ақпаратты негізге ала отырып, келесіні растайды:

- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған қаржы есептілігі Компанияның активтері, міндеттемелері, қаржылық жағдайы, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, Компанияның еншілес кәсіпорындарымен біріктірілген балансы туралы шынайы және сенімді ақпарат береді;

- Басқарманың есебі Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметінің дамуы және көрсеткіштері мен қаржылық ахуалы туралы сенімді деректерді, сондай-ақ олар тап болатын аса маңызды тәуекелдер мен белгісіздіктерді сипаттайды.

Директорлар кеңесі Кодекске сәйкес директорлардың тәуелсіз екенін белгіледі және Холланд Филип Малкольм, Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы, Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы, , Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы және Шәкіров Асқар Оразалыұлының мінез-құлқы мен шешім қабылдауы тәуелсіз деп есептейді. Директорлар кеңесі аталған директорлардың тәуелсіз шешімдеріне айтарлықтай әсер ететін немесе әсер ете алатын қандай да бір болмасын байланыстың немесе мән-жайдың жоқ екенін анықтады

Жылдық есепті дайындау шеңберінде басшылық компанияның жақын болашақта үздіксіз негізде қызметін жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.



¹ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы №1/2024 хаттамасымен бекітілген.